

Студенттік жастардың тәрбиесіне қолдау көрсетілуде



Н.ТЕМИРБЕКОВ, Арқалық педагогикалық институтының Оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры.

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының басты міндеті - жаңа формациядағы, бәсекеге қабілетті, озық ойлы, өзіне және қоғамға шығармашылық және сындарлы көзқараспен қарайтын педагогикалық кадрларды сапалы даярлау.

Осы міндеттің негізгі құраушысы институттағы білім алушылардың оқу мен қатар жүретін тәрбие жұмысы деуге болады. Тәрбие жұмысын ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету студенттердің барлық санаттарын ықпал ету мен қамтуды қамтамасыз етеді және оқу-тәрбие процесі арқылы іске асырылады.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

— студенттердің өзін-өзі

желілерде жарияланып отырады.

Студенттік өзін-өзі басқару студенттердің мүдделерін білдіре отырып, барлық студенттік бірлестіктердің қызметін, іс-шараларды онлайн режимінде ұйымдастырды: челленджер, онлайн конкурстар, онлайн кездесулер, бейнероликтер, қайырымдылық акциялары, сауалнама, ректордың студенттермен сұрақ-жауап форматында тұрақты кездесулері болған.

Институттың тәрбие жұмысы жүйесінде патриотизмді қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының түрлі нысандары: Конституция күніне арналған мерекелік концерт, тіл күніне арналған «Тіл - мемлекет тірегі», Тұңғыш Президент күніне арналған «Елбасы - ел тірегі, жас ұрпақ - ел білегі» дөңгелек үстелдер, оқытушылар күніне арналған салтанатты жиналыс, жастар жылына арналған жылды қорытындылаудың салтанатты рәсімі болғаны туралы да ақпарат берілді.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

- студенттердің өзін-өзі басқаруын жетілдіру;
- бұқаралық спортты дамыту;
- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету.

Аталған басым бағыттарға байланысты жүргізіліп жатқан күнделікті іс-шаралардың негізгілеріне тоқталсақ.

Әлем бойынша белең алған ахуал білім саласында қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану үшін дәстүрлі жүйе көптеген өзгерістерге ұшырады. Студенттер институт қабырғасында дәстүрлі форматта білім алуы мүмкін болмағандықтан оқытудың балама түрлері қарастырылды. 2020 жылдың наурыз айынан бастап жұмысты реттеу үшін қашықтықтан оқыту кезінде институттың корпоративтік мәдениетінің бір бөлігіне айналған мессенджерлер белсенді қолданылуда. Топтар, чаттар, қауымдастықтар құрылды. Бұл ректорат, деканаттар, кафедралар, факультеттің студенттік деканаты арасындағы ұйымдастырушылық жұмыстарды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Осылайша, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, кураторлық сағаттар өтуде. Өткізілген іс-шаралар мен байқаулар, конкурстар, жарыстар, командалардың өнер көрсетуі туралы ақпарат api.edu.kz институт сайты мен әлеуметтік

қорытындылаудың салтанатты рәсімі болғаны туралы да ақпарат берілді.

Салауатты өмір салтына және студенттер спортына ерекше көңіл бөлінеді. Спорттың 5 түрінен секция жұмыс жасайды: волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, тоғыз құмалақ ойыны. 500 астам студент әр спорт секцияларына қатысу институт намысын қорғауда.

Жыл сайын дәстүрлі өткізілетін спорттық іс-шараларымызға 1200-ден астам студент қатысады.

Біздің мақтаныштарымыз:

1. Хаируллин Данияр ДШС-31 Спорт шебері Әлем чемпионатының күміс жүлдегер. Кір тасын көтеру (гір спорты).

2. Қаблан Нұрсұлтан ДШС-11 дзюдо күресінен ҚР чемпионы.

3. Қазымбек Ақжол ДШС-21 Қазақ күресінен ҚР күміс жүлдегері.

4. Кенжеғалиева Мая ДШС-31 Қазақ күресінен ҚР қола жүлдегері.

5. Болат Бекзат ДШС-11 Волейболдан облыс жарыстарының 5 дүркін жеңімпазы, облыстық құрама командасының мүшесі.

Жыл бойы Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма, Арқалық қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің Жастар ресурстық орталығы, Арқалық қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және қала мен облыстың басқа да қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-шараларды жүзеге асыру жоспарымызда бар.